

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университеті
«Жоғары оқу орнының үздік
оқытушысы» конкурсының жоғары
және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
беру ұйымдарының комиссиясы
отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

11 қараша 2024 ж.

Западно-Казахстанский университет
им.М.Утемисова
заседание комиссии организаций
высшего и послевузовского образования
конкурса
«Лучший преподаватель вуза»

ПРОТОКОЛ №1

11 ноября 2024 г.

Төраға: К.М. Ахмеденов

Хатшы: Ә.А. Қабдрахимов

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы

1. К.М. Ахмеденов – Басқарма төрағасы орынбасарының – ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, г.ғ.к.

Комиссия мүшелері:

2. К.Т. Утегенова – Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
3. А.Ш. Курумбаев – қоғам қайраткері, «Фонд содействия научным исследованиям» жеке қорының жетекшісі;
4. Г.И. Нестеренко – Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы, э.ғ.к;
5. А.Н. Кушеккалиев – Ақпараттық технологиялар орталығының жетекшісі, доцент, ф.м.ғ.к;
6. Д.Н. Айткалиева – Педагогика ғылымдарының кандидаты, мәдениет және өнер факультетінің аға оқытушысы;
7. Р.Н. Испулова – Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, аға оқытушы;

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (ЖЖОКБҰ) «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауына қатысушы үміткерлерді жұмысын қорытындылау туралы.
К.М.Ахмеденов – комиссия төрағасы

ТЫҢДАЛДЫ:

Университетшілік комиссияның төрағасы К.М.Ахмеденов «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсы туралы қағида» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылдың 16 наурыздағы №124 бұйрығымен бекітілген.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру комитетінің 2024 жылдың 8 қазанындағы №14-0/4288 хатына сәйкес конкурстың I кезеңін қорытындылау үшін ақпараттық жүйеде (<https://universitycontest2024.iac.kz/>) көрсетілген сараптама тобының нәтижесіне тоқталып, университетішілік сараптама тобының барлық үміткерлердің құжаттарын тиянақты қарап, келесі республикалық кезеңге ұсыну үшін университеттің ғылыми кеңесіне ұсынуы керектігіне тоқталып, комиссия мүшелерінің өз ойларын білдіруін сұрады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Университетішілік комиссия мүшесі, 2021 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын алған А.Н. Кушеккалиев сараптама тобының ақпараттық жүйеде берілген бағалары онлайн форматта болғандықтан, барлығы талапқа сай жасалғандығын айтты.

Университетішілік комиссия мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент К.Т. Утегенова –үміткерлердің қатарында ғылым кандидаттары, PhD доктор, аға оқытушы, магистр дәрежесі бар оқытушылардың қатынасып отырғандығын, олардың ғылыми еңбектермен айналысатындығын, алайда 15 жылдық еңбек өтілі болмаған үміткерлердің аз болғандығын және конкурстық құжат бойынша үміткерлердің кандидатураларын әрі қарай ғылыми кеңеске ұсынуға болатындығын атап өтті.

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсының байқауының университетішілік комиссиясының мүшелері сараптама тобының нәтижесін талдай келе, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының университетішілік I кезеңінің қорытындысы бойынша төмендегі үміткерлердің кандидатурасы республикалық кезеңге ұсыну туралы мәселе университеттің ғылыми кеңесінің қаралуына жіберілсін:

1. Нургалиева Агила Мустахимовна
2. Хажгалиева Гультар Хабдолкакимовна

Төраға:

К.М. Ахмеденов

Хатшы:

Ә.А. Қабдрахимов

